

## 24-наурыз – 1-сәуір аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ

1 сәуір

Апталық жоспарға сәйкес 24-наурыз – 1 сәуір аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын, оқушының пәнді терең меңгеру қабілетінің дамуын бақылау мақсатында мектепшілік бақылау жоспары негізінде 1 сәуір 5-ші мәрте білім тексеру сынағы ұйымдастырылды (компьютерлік формат). Математикалық сауаттылық және креативті ойлау бағыттары бойынша 3-ші және 4-ші деңгейлік тапсырмалар берілді. 29-наурыз химия пәнінің мұғалімі Сағатай Айдана Асқарқызы "Химия сабағында оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту бойынша тапсырмалар" атты семинар сабақ барысында химия пәні бойынша PISA тапсырмаларының ерекшеліктеріне тоқталып, деңгейлік тапсырмаларды шешу жолдарын талдады. Физика пәнінен Аманболдин Байжан Жанболатович "Физика сабағындағы оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту бойынша тапсырмалар" атты семинар праутикум өткізді. Семинар барысында физика пәнінен PISA тапсырмаларының ерекшеліктеріне тоқталып және олардың өмірмен байланысын атап өтті. Сонымен қоса пәнаралық байланыстар және олардың кәсіптік байланысы көрсетілді. География пәнінің мұғалімі Қали Жазира Сәбитбекқызы "География сабақтарында PISA форматындағы тапсырмалар" атты семинар сабағында география сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, тапсырманың орындау ретін және әртүрлі өмірлік жағдайларда шешім қабылдай алу қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар тізбегімен таныстырды.

2. Сынып жетекшілері сынып оқушыларының оқу үлгерімдері мен босатқан сағаттары бойынша есеп тапсырды.

3. Пән мұғалімдерінің тоқсан бойынша жиынтық папкалары тексеріліп, жиынтық бағалау жұмыстарының сапалы құрастырылуы талап етілді. Әр пән мұғаліміне жиынтық бағалау жұмыстарының құрылымы, тапсырмалардың деңгейлері бойынша ауызша ұсынымдар айтылды.

4. 24-30 наурыз аралығында республикалық пәндер олимпиадасының облыстық кезеңі өтті. Олимпиадаға 23 оқушы қатысты, ЖМБ пәндері бойынша 10 оқушы, ҚГБ пәндері бойынша 13 оқушы. Нәтиже: 12 оқушы 1-3-орындар Дипломы және 2 оқушы Грамотамен марапатталды. Орын саны – 1 орын -2, 2 орын – 4, 3 орын – 6), Грамота -2  
Тиімділігі – 52%

ЖМБ пәндері бойынша орын саны – 5 (1 орын -1, 2 орын – 1, 3 орын – 3, грамота -1).  
Тиімділігі – 50%.

Пәндер бойынша орын саны: Химия – 2, Биология – 2, Математика -1, грамота -1.

Мектеп командасы – облыс көлемінде 2-орын және «Үздік команда-2022» номинациясы.  
ҚГБ пәндері бойынша орын саны – 7 (1 орын -1, 2 орын – 3, 3 орын – 3, грамота -1)  
Тиімділігі – 53,8%

Пәндер бойынша орын саны: Қазақ тілі мен әдебиеті- 3, Құқық негіздері – 2; Өзін-өзі тану -1, Қазақстан тарихы -1, Ағылшын тілі - Грамота.

Орын жоқ: Орыс тілі мен әдебиеті, Ағылшын тілі.

5.25-наурыз күні мектеп директоры Д.М.Искакова мен директордың оқу ісінің орынбасары Ш.С.Оспанова педагогтер арасында көшбасшылықты дамыту мақсатында "Көшбасшылық - кәсіби дамудың қуатты көзі" тақырыбында коучинг өткізді. Педагогтер "Көшбасшы дегеніміз кім? Көшбасшы ұстазға тән қасиеттер қандай? Мен көшбасшы ұстазбын ба? Көшбасшы ұстаз болуыңызға не кедергі? Кедергіні жеңу жолдары қандай?" сынды сұрақтарға жауап іздеп, "Көшбасшылық туа пайдабола ма, әлде жүрепайда бола ма?" сұрағы негізінде пікірталас өткізіп, өз ойларын ортаға салды. Рефлексия барысында коучингтен алған әсерлерімен бөлісіп, коучинг нәтижесіндегі жетістіктері үшін алғыс білдірді.

6.28 наурыз күні «Оқушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижесін бағалау» тақырыбында «Жалын»шығармашылық тобының жетекшісі Кожаметова Р.З. мен тәлімгер-педагог Онгарбай Ж. мектептің жас педагогтерімен семинар-практикум өткізді. Семинар барысында жас мамандар әр түрлі мазмұндағы шығармаларды бағалау нормалары мен критерийлері туралы, бақылау жұмыстарын жүргізудің, бағалаудың және талдаудың мазмұны мен әдістемесі бойынша, оқушыларға өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау әдістерін үйрету жөнінде білімдерін кеңейтті.

7.Көктемгі каникул уақытында, 29 наурыз күні, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А. Д. Ахат пен тарих пәнінің мұғалімі Ж. Әдей "Шебер мұғалім – сапалы сабақ" тақырыбында шебер-сынып өткізді.

Оқу-әдістемелік семинардың мақсаты:1.Педагогикалық өзара іс-әрекет, коммуникативтік қабілетті дамыту; 2.Ұстаздық қызметте қажетті дағдылар негізін тану; 3.Ұстаздық шеберлік компоненттерімен бөлісу болды. Мақсатқа жету үшін мұғалімдер 4 топқа бөлініп, «Мюнстерберг» әдісі, «Қарым-қатынас және визуализация» анимациялық фильммен жұмыс, «Суреттерді реттеу» және «Ақынның ойы » әдістері арқылы педагогтардың кәсіби шеберлігі - білім сапасының негізі екендігін дәлелдеді. Шебер -сыныпты өткізген педагогтар оқытуда қолданатын инновациялық технологияларды тиімді қолдану жолдарымен бөлісті.

8. Абай мектептері желісінің жоспары бойынша «Бір ғалымды көрсеңіз...» атты республикалық Абай ғылыми жоба конкурсына қатысу өтінімі мен оқушылардың зерделеу жобалары тапсырылды.

9.Қазақ тілі мен әдебиеті, биология пәндері мұғалімдері Ахат А.Д., Онгарбай Ж., Даулеткалиева Т.Б., Маженова А.А. элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың оқыту жағдайы туралы мәліметтерін тапсырды.

10. «Үздік авторлық бағдарлама» облыстық конкурсына ұсынылатын әдістемелік жұмыстардың тізімін құрастырылды. Еңбек өтілі 5-жылдан жоғары барлық педагогтер сабақ беретін курстары бойынша авторлық бағдарлама дайындауда.

11.ІІІ тоқсан бойынша мұғалімдердің жетістіктерінің рейтингісі анықталды.3-тоқсанда жетістікке жеткен мұғалімдер: Искакова Д.М., Ахат А.Д., Муратов М.Б., Әдей Ж., Кожаметова Р.З., Жетписбаева К.Б., Ташмағанбетова Л.Н., Даулеткалиева Т.Б., Оспанова Ш.С., Сабиева Н.Ж.